

Жобаның атауы, ЖТН	AP19678465 «Ақтөбе өңіріндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану»
Іске асыру мерзімі	01.07.2023-31.12.2025
Жобаның жетекшісі	Есенғұлова Мейрамгүл Нұралықызы, п.ғ.к., доцент
Реферат	<p>Жаһандық өзгерістер мен ғылым мен техниканың заманауи жетістіктері, уақыт талабы білім берудің қашықтан оқыту процесін күнделікті өмірімізге жоғары қарқынмен ендіріп жібергелі білім беру жүйесінде тың серпілістер пайда болғаны анық. Қашықтан оқыту – жас ұрпақ үшін ажырамас құралға айнала бастады. Қашықтан оқыту жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту әдістемесін қайта қарау, оны ғылыми тұрғыдан жасақтау олардың сапалы түрде білім алуына және қатарластарымен қарым-қатынас орната отырып, ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған қашықтан оқыту технологиясын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру және дамыту – Ақтөбе өңірі үшін де маңызды мәселелердің бірі. Жеке тұлғаны қалыптастыруда мектепке дейінгі тәрбие жұмысының маңызы өте зор. Баланың тұлғалық қалыптасуындағы осы кезең ата-аналар мен білім беру мекемелерінің басты назарында болуы керек. Алайда, балабақшаларда орынның жеткіліксіз болуы, басқа да әлеуметтік мәселелердің салдарынан екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайтындығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында да атап көрсетілген. Ұсынылып отырған жобада Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті жанынан облыстық логопедтер ассоциациясын құра отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мәдени-білім ортасын ұйымдастыру, мобильдік қосымшамен білім берудің қолжетімділігін арттыру және үй жағдайында отырған ерекше балалардың қарым-қатынас шеңберін кеңейтіп, коммуникативті дағдылар мен ұжымдық жұмысты жақсарту көзделеді. Бейімделген типтік бағдарлама негізінде «Сауатты бала» және «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшалары әзірленіп, балалардың әріпті қазақ, орыс, ағылшын тілінде танып білуіне, ойлау қабілетін, сөздік қорын және байланыстырып сөйлеуін дамытуға арналған тапсырмалар беріледі. Өңіріміздегі ерекше балалары бар ата-аналарға қолдау көрсетуге, психологиялық-педагогикалық кеңес беру арқылы ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Шығарылған өнімді арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері мен педагогтары, сондай-ақ ерекше балалардың ата-аналары қолдана алады. Жобаның өзектілігі қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда қашықтан оқыту технологияларын енгізудің жаңа тәсілдерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге және танымдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталуында. Жоба нәтижесінде қолданысқа ұсынылатын электрондық ресурстар қашықтан оқыту технологиясының тиімділігін арттырады</p>

Мақсаты	<i>Жобаның мақсаты</i> қашықтан оқыту технологияларын тиімді қолдану арқылы Ақтөбе өңіріндегі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ойлау қабілетін, сөздік қорын және байланыстырып сөйлеуін дамыту, ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы мәдени орта құру.
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> • «Сауатты бала», «Дыбыстар әлемі» мобильдік қосымшаларын «Ақбота» сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы балабақша КМК және «Сөйлеу орталығы» түзете-дамыту орталығы базаларында тәжірибе жұмыстары жүргізіледі. • Алынған нәтижелердің барлығы Ақтөбе қаласындағы арнайы (түзетім) мекемелері және түзете-дамыту орталықтарында қолданылады, арнайы мамандар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен олардың ата-аналары тұтынушылар ретінде тартылады; • Зерттеу нәтижелері бойынша мобильдік қосымша жасалып, қолдануға ұсынылады. Облыс көлемінде логопедтер ассоциациясын құру.
Зерттеу тобы	<p><i>Жетекші:</i> Есенғұлова Мейрамгүл Нұралықызы, п.ф.к., доцент, индекс Хирша h=3 (Author ID в Scopus – 56658728300; Researcher ID – 31437548, Хирша h=3, ORCID - 0000-0003-2705-6541). https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658728300</p> <p>Тогайбаева Айгулден Кадировна – п.ф.к., доцент, индекс Хирша h=3 (Author ID в Scopus – 57218109272; Researcher ID - 4753411., Researcher ID – 29539016., Хирша h=4 ORCID - 0000-0002-2071-9536). https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57218109272</p> <p>Рамазанова Динара Жубанышовна PhD., аға оқытушы, индекс Хирша h=3 (Author ID в Scopus – 56658769900; Researcher ID - 29436331; Хирша h=3, ORCID - 0000-0001-8517-7072). https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658769900</p> <p>Ертлеуова Бактыгуль Бактыгереевна – магистр, аға оқытушы, индекс Хирша h=1 (Author ID в Scopus – 0000-0001-6360-554X, Researcher ID – 37060952, Хирша h=1, ORCID -0000-0001-6360-554X) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57835855100</p> <p>Кеншілікова Камшат Муратбековна магистр, оқытушы, ORCID 0000-0002-8497-6136</p> <p>Аманжол Марина Аманжолқызы – магистр, оқытушы, ORCID 0000-0003-0302-1440</p>